

[2] Левина Р. Е. Основы теории и практики логопедии. - М.: Знание, 2009. – 314 с.

[3] Жукова И.С., Мастюкова Е.М., Филочева Т.Е. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников. - М.: Знание, 2010. – 340 с.

[4] Лопухина, И.С. Логопедия, упражнения для развития речи: Пособие для логопедов и родителей /И.С. Лопухина - СПб.: Дельта, 1997. - 336 с.

[5] Схема логопедического обследования ребенка с общим недоразвитием речи (от 4 до 7 лет) / Сост. Н.В. Серебрякова, Л.С. Соломаха // Диагностика нарушений речи у детей и организация логопедической работы в условиях дошкольного образовательного учреждения. - СПб.: Детство – пресс, 2007. – 224 с.

[6] Өмірбекова Қ.Қ. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (IV деңгей) балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру. Алматы. 2015. – 201 б.

[7] Новоторцева Н.В. Развитие речи детей. Преодоление ОНР. - М.: Знание, 2009. – 260 с.

[8] Волкова Л. С., Шаховская С. Н. Логопедия. – Москва, гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2003 – 678 с.

[9] Ибатова Г.Б. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III деңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. Алматы, 2014. – 70 б.

[10] Правдина О. В. Логопедия. Учеб. пособие для студентов дефектолог. фак-тов пед. ин-тов. Изд. 2-е, доп. и перераб. - М., «Просвещение», 1973. - 272 с.

ӘОЖ 336.719
МРНТИ 14.29.29

З.Н. Бекбаева¹, Г.Ж. Әлмұханбет²

¹ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

²7М01902 – Арнайы педагогика мамандығының 2-курс магистранты

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

gaukhar_9_3@mail.ru

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН (3 ДЕҢГЕЙ) БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада сөйлеу тілі жалпы дамымаған бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің ерекшеліктері зерттелген. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (3 деңгей) бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеудің қажеттіліктері айқындалған. Отансүйгіштікке тәрбиелеудің мүмкіндіктері сипатталған. Отансүйгіштікке тәрбиелеудің құралдары жіктелген. Патриоттыққа тәрбиелеу мәселесіне байланысты зерттеу жүргізген философтар, психологтар, педагогтердің ғылыми еңбектеріне теориялық тұрғыда талдау жасалған.

Кілт сөздер: сөйлеу тілі жалпы дамымаған, логикалық операциялар, қоғамдық орта, отансүйгіштік, психологиялық қатынас.

Бекбаева З.Н.¹, Алмұханбет Г.Ж.²

¹научный руководитель, кандидат педагогических наук, старший преподаватель

²магистрант 2 курса по специальности 7М01902-Специальная педагогика

КазНПУ имен г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ОБЩИМИ НЕДОРАЗВИТИЯМИ РЕЧИ (3 УРОВЕНЬ)

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности воспитания учащихся начальных классов у которых речевой язык в целом не развит. Определены потребности воспитания патриотизма у учащихся начальных классов у которых речевой язык в целом не развит (3 уровень). Описаны

возможности воспитания патриотизма. Классифицируются средства воспитания патриотизма. Теоретически проанализированы научные работы философов, психологов, педагогов, проводивших исследования, связанные с проблемой воспитания патриотизма.

Ключевые слова: речевой язык в целом недоразвит, логические операции, социальная среда, патриотизм, психологический настрой.

Z.N. Bekbayeva¹, G.J. Almukhanbet²

¹scientific supervisor, candidate of Pedagogical Sciences, senior lecturer

*²2nd year master's student in the specialty 7M01902-special pedagogy
KazNPU named after Abay, Almaty, Kazakhstan*

PECULIARITIES OF PATRIOTIC EDUCATION OF JUNIOR SCHOOLCHILDREN WHOSE SPOKEN LANGUAGE IN GENERAL IS NOT DEVELOPED (LEVEL 3)

This article discusses the features of the education of primary school students whose speech language is generally not developed. The needs of the education of patriotism among primary school students whose speech language is generally not developed (level 3) are determined. The possibilities of education of patriotism are described. Means of education of patriotism are classified. Theoretically analyzed the scientific work of philosophers, psychologists, teachers who conducted research related to the problem of patriotism education

Keywords: speech language is generally underdeveloped, logical operations, social environment, patriotism, psychological attitude.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің ерекшеліктері қазіргі кездегі өзекті де, күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Ондай балалармен түзету-педагогикалық жұмысты тиімді, ұтымды ұйымдастыру тәрбиелеудің ерекшеліктерін ескере отырып, жүйеленген жұмыс мазмұнын және тәсілдерін анықтаумен тығыз байланысты.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған бастауыш сынып оқушыларын түзете, дамыту бойынша зерттеу жұмыстары жеткілікті болғанымен, тәрбиелеудің ерекшеліктеріне қатысты арнайы зерттеулер Қазақстанда жеткіліксіз деуге негіз бар.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (3 деңгей) бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу үшін баланың сөйлеу тілін жан-жақты сауатты түрде тексеру талап етіледі. Оның негізгі мақсаты мен міндетіне мыналарды жатқызуға болады: ата-ана мен педагог әңгімелесу және құжаттармен танысу барысында баланың тәрбие жағдайы мен дамуын анықтау; жетекші іс-әрекеттінің деңгейін анықтап жас мөлшеріне сәйкестендіру; сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық құралдарын (сөзжасам, сөз өзгерту); сөйлем құрау дағдыларын тексеру; балалардың дыбыстарды дұрыс айтуын тексеру; байланыстырып сөйлеуін және меңгеру деңгейін анықтау [1].

Осы анықталған деңгейлерлі ескере отырып оқушыны отансүйгіштікке тәрбиелеу үлкен жауапкершілікпен атқарылуы тиіс мәселе болып табылады. Сондықтанда оны тереңінен ұғына білу қажет.

Қоғамдық өмірдегі құбылыстар мен оқиғаларға деген қызығушылықты тудырудың маңызы ерекше. Айналада жүріп жатқан барлық оқиғалар мен құбылыстар халық үні. Сондықтан, оның шынайы келбетін тану, оған етене араласу, одан алған әсерлерімен бөлісу ең бір толқынысты процестердің бірі болады. Табиғат ортасы – адамның ешқашан есінен кетпейтін дүние туған ауылы, қаласы, еліндегі әсем таулар, аңқыған шөптер, сылдырлаған өзен, көп, бұлақтардың әсері бір мөлтек. Патриоттық тәрбиеде патриоттық сезімді тәрбиелеу бірізділікпен жүргізіледі [2].

Бастауыш сынып оқушыларына отансүйгіштік тәрбие беру теориялық әдіснамалық негіздерін философиялық мәнділігі Ғ.Есім, С.Е. Нұрмұратов, А.Айталы, Т.Қ. Ғабитов, Б.С. Ерасов, т.б., тарих саласы бойынша Л.Ахметова, Ж.Қасымбаев, М.Қозыбаев, Қ.Мыңжанұлы, О.Смағұлов, Т.Тұрлығұлов, Т.Жұртбаев, М.Шоқай, филологиялық еңбектерде М.Әуезов, М.Жолдасбеков, Қ.Жұмаділов, Н.Келімбетов, М.Мағауин, Қ. Мұқаметқанов, С.Мұқанов, Қ.Салғарин, А.Сейдімбек т.б. еңбектерінде көрініс тапқан [3]. Жас ұрпақ бойында өз еліне, жеріне, туған ортасына деген сүйіспеншілік, ұлттық мәдениеттің тұлға бойында қалыптасу барысы ғұлама ағартушылар

Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсари, А.Құнанбаев еңбектерінен, сондай-ақ, XX ғасырдың 1-жартысындағы педагог-ағартушылар М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсыновтың [4] рухани мұраларынан бастау алды десек, артық болмас. Патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негізін алыс және жақын шетел ғалымдары В.Н. Мясичев, Л.С. Рубинштейн, Д.Н. Узнадзе, А.И. Титаренко, А.В. Кирьякова, Н.Г. Казакина, қарастырса, орта және жоғары сыныптағы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мәселелері педагогикалық ғылымда кеңінен талқыланады, бұған Н.И. Новиков, Д.Д. Семенов және т.б. авторлардың еңбектері дәлел бола алады. Патриотизмнің мазмұны, принциптері мен әдістері Н.И. Болдырев, И.П. Терентий зерттулерінде көрініс тапқан.

Патриоттық тәрбие беру мәселелерін қазақстандық ғалымдар да зерделеуде. Қазақстандық ғалымдар К.Ж. Қожахметова, С.Т. Иманбаева, Ш.Т. Таубаева, Г.К. Белгібаева, А.К. Дуйсенбаев, Г.С. Майлыбаева [5] және т.б. еңбектерінде ұлттық мәдениеттің және халық педагогикасы тәжірибесінде ұсынылған білімнің өскелең ұрпақты азаматтықпатриоттыққа тәрбиелеудегі маңызы нақтыланса, ғалымдар Г.Қ. Нұрғалиева, Б.К. Құдышева, М.И. Кикина, К.Найманбаева тұлғаның әлеуметтік даму құндылықтарын айқындау және патриоттыққа тәрбиелеу мәселелерін қарастырған. С.С. Тілеуова, Д.А. Нұрғалиева еңбектерінде патриоттыққа тәрбиелеудің педагогикалық негіздері мен тиімді жолдары анықталған [4]. Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық қалыптасу ерекшеліктері А.Қ. Аренова, Ж.С. Сардарова, Н.С. Жұмашева, А.Б. Медешова, С.М. Төрениязова, т.б. ғалымдардың еңбектерінде орын алса, болашақ мұғалімдерді оқушыларға патриоттыққа тәрбиелеуге мәселесі бойынша А.С. Карпықбаева зерттеу жүргізген болса, сыныптан тыс спорттық шаралар өткізу арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру мәселесі бойынша З.Ж. Айджанова, А.Н. Иманбетов ғылыми еңбектерінде қарастырылған [6]. Жоғарыда аталған еңбектердің барлығы оқушыларға патриоттыққа тәрбиелеу мәселесінің бірқатар зерттелгенін айқындайды. Дегенмен, бұл мәселе осы кезге дейін зерттеу нысанына алынбаған. Сол себепті сөйлеу тілі жалпы дамымаған (3 деңгей) бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеудің ерекшеліктерін айқындау арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу қажеттілігі мен бұл мәселенің теориялық тұрғыда зерттеліп, ғылыми әдістемелік жағынан қажетті деңгейде қамтамасыз етілмегендігі және аталмыш мәселенің қоғам талабына сай қарастырылмауы арасында қарама-қайшылық орын алғандығы байқалады. Осы қарама-қайшылықтар біздің проблемамызды айқындап, зерттеу жүргізуге негіз болды.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы – есту қабілеті мен зияты әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптасуының бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемістіктері болып табылады. Тіл кемістігі бар оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу оның жүрекпен ұғынуына жағдай туғызу яғни, психологиялық қатынастар арқылы, сезімдік қатынастар арқылы қалыптастыру керек [7].

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауын Ресейлік дефектология ғылыми зерттеу институтының Р.Е. Левина бастаған ғалым қызметкерлер (Н.А. Никашина, Г.А. Каше, Л.Ф. Спирина, Г.И. Жаренкова және т.б.) 50-60 жылдары мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тіл кемістіктерін жан-жақты зерттеулердің қорытындысының нәтижесінде ғылыми тұрғыдан негіздеді [8].

Жалпы сөйлеу тілі дамуының үшінші деңгейі мынандай кемшіліктермен сипатталады:

1. Бала ауызекі байланыстырып сөйлегенде кейбір сөздерді білмейтіндігі және дұрыс қолдана алмайтындығы байқалады. Сөздік қорында көбінесе зат есім, етістік көп кездеседі де сын есім, үстеу таптары аз кездеседі.

2. Тілдің грамматикалық жағының дамымағаны байқалады. Балалар септік жалғауларды, жұрнақтарды қолдануда қате жібереді. Сөз өзгерту қабілеті мүлдем дамымаған.

3. Сөйлегенде көбінесе тек жәй сөйлемдерді қолданады, құрмалас сөйлемдер сирек кездеседі.

4. Бұл деңгейдегі көптеген балаларда сөздің буындарын дұрыс айтпау кемшіліктері сақталады да, талдау жинақтау тәсілдерін меңгеруде қиындық туғызады [9].

Ендігі кезекте жоғарыда аталғандарды топтастыратын болсақ, төмендегі суретке назар аудару қажет болып табылады (сурет 1).


Психология ғылымында ғалымдар сезімнің бірнеше түрлерін қарастырған: сезім тәрбиелеудің құралдарын қазақ халқының үш құндылық, үш бірлігі арқылы қарастырамыз:

Адамгершілік (моральдық) сезімді жеке адамның өздерімен қарым-қатынасқа түскен басқа адамдарға, өзіне деген эмоциялық қатынас және Отанға, достыққа, намыс – борышқа деген көзқарасы.

Интеллектуалдық (сенсорлық) сезімді ақыл-ой процесінде пайда болған жеке дара сезімін, терең, ішкі толқыныстардың қанағат, юмыр, ирония және жаңалыққа ұмтылуы.

Эстетикалық сезім - әсемдікті қабылдау мен жасау пайда болған рахатты, Отанға сүйіспеншілік сезімін жатқызады.

Патриоттық сезім – адамгершілік сезімінің бір ауқымды саласы болып табылады. Сенім. Ел басшылығы, Үкімет орындағы халқының бейбіт, тынышта өмір сүруі мен жарқын болашағы үшін қызмет етуде. Осыған орай норма.




Сурет 1. Патриоттық сезімді қалыптастырудың топтасуы

Ескерту: автормен құрастырылған.

Осы аталғандары қалыптастыра отырып оқушыны отансүйгіштікке тәрбиелеу үшін белгілі құралдар әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындайды.

Тәрбиеде ең қиын нәрсе – сезе білуге үйрету. Балаларды сезе білуге үйрету, оларға өзінің эмоциялық – адамгершілік мәдениетін бере білу. Баланы сезе білуге жақын адамдарының көздерінен рухани дүниесін көре білуге үйрету үшін тәрбиелеуші бала бойындағы бүкіл сезімдік қасиетін аялай білу керек.

Сонымен баланы елжандылық рухта тәрбиелеуде айналамен таныстыру – бұл, әлеуметтік орта жөнінде мағлұмат беру болып табылады. Әлеуметтік орта күрделі, қыр сыры мол, көп жағдайда қайшылықты дүниеге толы болады. Осы жағдайда қоғамда белсенді әрекет, әрине педагог-психолог қауымдарының екіншісіне беріледі [10]. Патриотизм сезімі мазмұны жағынан көп қырлы, бірнеше сөздермен айту жеткіліксіз. Бұл туған жерге деген сүйіспеншілік, өз халқы үшін мақтаныш, және өзінің қоршаған ортамен тығыз байланыста екенін сезіну мен өз елінің байлығын сақтап, молайту ниетінің болуы. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (3 деңгей) бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу үшін құралдарды, әдіс тәсілдерді қолдану аса маңызды болып табылады. Енді кезекте, отансүйгіштікке тәрбиелеудің құралдары тоқталайық (сурет 2).



Сурет 2. Отансүйгіштікке тәрбиелеудің құралдары

Ескерту: автормен құрастырылған.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (3 деңгей) бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу барысында біз олардың арнайы ерекшеліктерін ескеруіміз қажет болып табылады. Ал оны біз нақты қағидаларды орындай отырып қол жеткізуімізге болады. Жоғарыда айтылған жұмыстың бағыттарын іске асыра келе, сөйлеу тілі жалпы дамымаған (3 деңгей) бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңыздылығын естен шығармаймыз.

Қазіргі заманғы қоғам жағдайында патриоттық тәрбиеге ерекше назар аудару қажеттілігі, сондай-ақ бала тәрбиесін ерте жастан бастау керек екендігі ешкімге күмән тудырмайтыны анық, алайда кейбір мәселелер зерттеушілердің назарынан тыс қалып келуде. Атап айтқанда, біз қарастырып отырған мәселеге сәйкес қазіргі заманда бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу, жалпы білім беретін мектепте осы процесті теориялық және әдістемелік тұрғысынан негіздеу қызығушылық тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды оқыту барысында ескерілетін қағидалар, Хабаршы, «Арнайы педагогика» сериясы, Алматы, ҚазҰПУ, №1 (24) 2011ж.
2. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. Т.1: Батырлар жырлары [Мәтін] / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар Қ.Б. Алтысбаева, Ж.Ж. Шалғынбай, А.Оралбек, Қ.С. Ахметжанов. - Алматы: Brand Book, 2019.- 560 б. - (Рухани жаңғыру).
3. Майлыбаева, Г.С. Педагогические основы формирования нравственных ценностей у младших школьников средствами казахского фольклора [Текст]: Монография / Г.С. Майлыбаева.- Талдықорған: ЖГУ им. И.Жансугурова, 2017. - 130 с.
4. Рүстемова, Ж.А. Қазақ балалар ертегі-әңгімесі: жанры және поэтикасы [Мәтін]: Монография / Ж.А. Рүстемова.- 2-ші басылым. - Қарағанды: Ақнұр, 2019. - 144 б.
5. Қапашева, А. ж.б. Бүлдіршіндердің ақыл-ойын дамытудағы ұлттық ойындардың алар орны. / А.Қапашева, А.Жұмабаева, А.Қ. Каукеев // Жастар және ғылым: Махамбет Өтемісұлының 210 жылдығына арналған студенттер мен магистранттардың 71-ші ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағы., 2013. - 121-124 б.
6. Ханина, Н.Н. Практикум по детской литературе [Текст]: Учебное пособие / Н.Н. Ханина, А.А. Алипбаева. - Талдықорған: ЖУ им. И.Жансугурова, 2021. - 110 б.